


Дүние жүзіндегі ең үлкен арал ?



Америка Құрама Штаттары






Америка Құрама Штаттары жерінің ауданы жөнінен қай елдерден кейін төртінші орын алады ?

Ресей , Канада , Қытай






Солтүстік Америка жерінің ауданы ?



24,2 млн км²






Канаданың басты байлығы?



Көгілдір көлдер мен қалың ормандар





Әкімшілік құрылымы 50 штаттан, Вашингтон қаласы мен Колумбия округінен тұратындықтан бұл елді қалай атайды ?



Америка Құрама Штаттары (АҚШ)



Сабақтың тақырыбы :

Еуразияның географиялық орны. Қоныстану және зерттеу тарихы.



Сабақтың мақсаты :

Білімділік жағынан :

Оқушыларға Еуразияның географиялық орны . Қоныстану және зерттелу тарихы туралы толық түсінік беру .

Тәрбиелік жағынан :

Оқушыларды топ болып жұмыс жасауға , ойларын тұжырымдап , шапшаң , жинақы айтуға , бірін – бірі сыйлауға , ұқыптылық пен ізденімпаздыққа тәрбиелеу .

Дамытушылығы :

Оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін жан – жақты дамыту , пәнге қызығушылығын арттыру , теориялық білімдерін практикамен ұштастыру .

Сабақтың түрі :

Жаңа сабақты меңгерту

Оқыту әдісі :

**Деңгейлеп – саралау технологиясы ,
сұрақ – жауап , топтастыру , тест , инсерт
әдісі**

Сабақтың көрнекілігі :

**Көрсету материалдары : мультимедиа , глобус ,
жартышарлар картасы .
Тарату материалдары : тест қағазы , жауап парағы**

**Оқу процесін
ұйымдастыру
әдістері**

Фронтальды , жеке , топтық , оқушы – мұғалім

Сабақтың барысы :

I. Ұйымдастыру кезеңі

а) Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру

Ә) Оқушылардың ынтасын сабаққа аудару

II. Үй тапсырмасын тексеру “ Ой шақыру ”

III. Сабақтың мақсатымен таныстыру

IV. Жаңа сабақ меңгерту

V. Жаңа сабақты пысықтау

VI. Қорытынды

VII. Үйге тапсырма

VIII. Бағалау



Жаңа сабақ жоспары :

I . Географиялық орны

II . Қоныстану және зерттелу тарихы



Еуразия- дүние жүзіндегі ең ірі материк .

Ауданы аралдармен қоса

есептегенде 54,2 млн км² .

Еуразия

Еуропа *Азия*

Географиялық орны

Орал тауларының шығыс етегі , Жайық өзені арқылы Каспий теңізінің солтүстік жағалауы, Кума-Маныч ойысы мен Азов , Қара теңіздері және Қара теңізді Жерорта теңізімен байланыстыратын бұғаздар арқылы өтеді .

Солтүстік шеткі нүктесі :
Челюскин мүйісі
Таймыр түбегінде орналасқан

Батыс шеткі нүктесі
Рока мүйісі
Пиреней түбегінде орналасқан

Оңтүстік шеткі нүктесі
Пиай мүйісі
Малакка түбегінде орналасқан

Шығыс шеткі нүктесі
Дежнев мүйісі
Чукотка түбегінде орналасқан

Солтүстігінде – солтүстік мұзды мұхитымен
Оңтүстігінде – Үнді мұхиты
Батысында – Атлант мұхиты
Шығысында – Тынық мұхиты

- Дүние жүзіндегі ең биік тау шыңы – Гималай тауындағы Джомолунгма шыңы , биіктігі 8848 м
- Жер шарындағы ең үлкен түбек – Арабия түбегі .
Ауданы – 3 млн км²
- Жер шарындағы ең үлкен көл – Каспий теңізі
Еуропа мен Азия аралығында орналасқан ,
ауданы 390 мың км²
- Жер шарындағы ең терең көл – Байкал көлі
Тереңдігі – 1620 м



Н . М . Пржевальский басшылық еткен экспедицияның ашқан жаңалығы орыс география ғылымының даңқы дүние жүзіне паш етті . Ғалым Орталық Азияда 15 жыл болып , 33 мың км – ге жуық жол жүрген . Сол аймаққа жасаған төрт саяхатының нәтижесінде Н . М . Пржевальский – Тибет пен Гоби шөліндегі бірнеше тау жоталарын анықтап , Хуанхэ және Янцзы өзендерінің бастауын ашты . Н . М . Пржевальский Орталық Азияға жасаған бесінші саяхатының бас кезінде қайтыс болды . Ол қайтыс боларының алдында өзін Тянь – Шань тауындағы Ыстықкөлдің жағасына жерлеуді өсиет етіп қалдырған .



Орталық Азия табиғатын зерттеуде орыс ғалымы П. П. Семенов та зор үлес қосқан. Тянь – Шань тауына екі рет саяхат жасаған, бұл ғалым тау жүйесінің шекарасын анықтап, ұзақ уақыт өзі таудың биік нүктесі деп есептелетін Хантәңірі шыңын ашқан Орталық Азиядағы бұл тау жүйесі, биік шың және мұздық П. П. Семенов – Тянь – Шанский есімімен аталады.





1856 – 1859 жылдар аралығында Ресей географиялық қоғамының тапсыруы бойынша қазақ халқының ағартушы ғалымы Ш. Уәлиханов Орталық Азияның сол кезеңге дейін жұмбақ қалпында қалып келген ішкі бөліктеріне саяхат жасады. Алдымен Тянь – Шань тау жүйесінің Қазақстан мен Орта Азиядағы бөлігін аралаған ғалым Ыстықкөл жағасында болып, одан әрі Қашғарияға аттанған. Шоқан көптеген көне тарихи кітаптар, этнографиялық бағалы бұйымдар, тау жыныстарының үлгілерін жинап қайтқан.



Жаңа сабақты пысықтау

**“Тек сәттілік , қатысыңдар сайысқа
Мықты болсын , қабырғаңмен қайыспа
Оқу керек , білім керек қашанда
Ол болмаса сайыс деген сайыспа” .**



Сайыстың жоспары :

I . Таныстыру

II . Географиялық сергіту Ең ..., Ең, Ең ,

III . Сәйкестендіру тестісі

IV . Топтастыру

V.Домино ойыны

VI.Географиялық диктант

VII . “ Өзіңді - өзің тексер ” (тест жұмысы)

VIII . Кескін картамен жұмыс





I mon

II mon



Географиялық серіту Ең ..., Ең ..., Ең ...



1 . Дүние жүзіндегі ең биік шыңы

Гималай тауындағы Джомолунгма 8848м

2 . Еуразиядағы ең ежелгі тау

Орал тауы

3 . Жер шарындағы теңіз деңгейінен ең төмен орналасқан теңіз

Өлі теңіз -403 м

4 . Ең халқы көп мемлекет

Қытай

5 . Жер шарындағы ең үлкен көл

Каспий теңізі

6 . Еуразиядағы ең ұзын өзені

Янцзы

7 . Жауын – шашын ең аз мөлшерде жауатын түбек

Арабия

8 . Жауын - шашын ең көп түсетін аудан

Черапунджи

9 . Ең көп байқалған температурасы + 53⁰С - жететін шөл

Тар шөлі

10 . Жер шарындағы ең терең көл

Байкал көлі

Сәйкестендіру тестісі

I топ

II топ

Арабия

теңіз

Үндістан

мүйісі

Каспий

тау

Пиай

түбек

Орал

түбек

Байкал

тау

Солтүстік мұзды

шөл

Челюскинн

көл

Тар

мұхиты


Гималай

мүйісі

Сәйкестендіру тестісі



Топтастыру стратегиясы




ДОМИНО ОЙЫНЫ

Ойынның шарты : Мұнда екі топқа солтүстік жарты шарда орналасқан материктердің қиықтары беріледі . Сол қиықтарды дұрыс тауып. Оларды ақ қағазға жапсырып, шекарасы мен шеткі нүктелерін түсіру .

Географиялық диктант


_____ - дүние жүзіндегі ең ірі материк. Ауданы аралдарымен қоса есептегенде _____ астам. Еуразияның екі дүние бөлігі _____ мен _____ құрайды. Еуразияның Құрайтын екі дүние бөлігі Еуропа мен Азия арасындағы шартты түрдегі шекара _____ тауларының шығыс етегі, _____ өзені арқылы _____ теңізінің солтүстік жағалауы, _____ ойысы мен _____, _____ теңіздері және _____ теңізді _____ теңізімен байланыстыратын бұғаздар арқылы өтеді. Еуразияның солтүстіктегі шеткі нүктесі - _____ мен оңтүстіктегі шеткі нүктесі - _____.



_____ Материк батыстан шығысқа қарай орасан зор аумаққа созылып жатыр. Батыстағы шеткі нүктесі - _____ мен шығыстағы шеткі нүктесі _____. Дүние Жүзіндегі ең биік тау шыңы – _____. Жер шарындағы ең үлкен түбек – _____. Жер шарындағы ең үлкен көл _____. Жер шарындағы ең терең көл - _____.

Географиялық диктант

Еуразия - дүние жүзіндегі ең ірі материк. Ауданы аралдарымен қоса есептегенде 54 млн км² астам. Еуразияның екі дүние бөлігі Еуропа мен Азия құрайды. Еуразияның Құрайтын екі дүние бөлігі Еуропа мен Азия арасындағы шартты түрдегі шекара Орал тауларының шығыс етегі, Жайық өзені арқылы, Каспий теңізінің солтүстік жағалауы, Кума – Маныч ойысы мен Азов, Қара теңіздері және Қара теңізді Жерорта теңізімен байланыстыратын бұғаздар арқылы өтеді. Еуразияның солтүстіктегі шеткі нүктесі – Челюскин мүйісі мен оңтүстіктегі шеткі нүктесі -



Пиай мүйісі. Материк батыстан шығысқа қарай орасан зор аумаққа созылып жатыр. Батыстағы шеткі нүктесі – Рока мүйісі мен шығыстағы шеткі нүктесі – Дежнев мүйісі. Дүние жүзіндегі ең биік тау шыңы – Гималай тауындағы, Джомолунгма шыңы. Жер шарындағы ең үлкен түбек – Арабия түбегі. Жер шарындағы ең үлкен көл – Каспий теңізі. Жер шарындағы ең терең көл – Байкал көлі.

"Өзіңді - өзің тексер" (тест жұмысы)

1. Ежелгі солтүстік материк:

А) Австрия В) Пангея С) Лавразия Д) Еуразия Е) Гондвана

2. Төрт мұхитпен ұласып жатқан материк

А) Аустралия В) Оңтүстік Америка С) Солтүстік Америка Д) Еуразия Е) Африка

3. Дүние жүзіндегі ауданы жөнінен ірі материк

А) Солтүстік Америка В) Оңтүстік Америка С) Антарктида Д) Еуразия Е) Аустралия

4. Еуразия материгінің ауданы (км²)

А) 24,2 млн В) 18,3 млн С) 14 млн Д) 7,9 млн Е) 54 млн

5. Еуразияның және дүние жүзінің теңіз деңгейінен төмен орналасқан нүктесі

А) Ассаль көлі В) Турфан С) Өлі теңіз Д) Қарақия ойысы Е) Эйр көлі

6. Әлемнің жауын – шашын ең көп түсетін жері

А) Гавай аралдары В) Черапунджи С) Кордильердің батыс бетігі Д) Ла – Плата Е) Конга алабы

7. Еуропа мен Азия аралығында орналасқан дүние жүзіндегі ең ірі көл

А) Жоғарғы көл В) Виктория көлі С) Арал теңізі Д) Каспий теңізі Е) Өлі теңізі

8. Еуропа мен Азия арасындағы шартты түрде өтетін шекара

А) Гиндукуш В) Тибет С) Карпат Д) Орал Е) Аппалач

9. Еуразия материгіндегі ең ірі Федченко мұздығы орналасқан тау

А) Памир В) Тянь – Шань С) Гиндукуш Д) Тибет Е) Верхоян

10. Еуразиядағы және дүние жүзіндегі ең үлкен көл

А) Байқал теңізі В) Каспий теңізі С) Эйр көлі Д) Жоғарғы көлі Е) Виктория көлі

Жауап парағы

Аты – жөні _____

Сыныбы _____

Сұрақ	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жауап										



Тест сұрақтарының кілті

Сұрақ	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жауап	С	Д	Д	Е	С	В	Д	Д	А	В


Кескін картамен жұмыс

Еуразияның географиялық орны және шеткі нүктелерін түсіру

А


Б





ЕУРАЗИЯ

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



Қорытынды

Білемін

Білдім

Білгім келеді





Үй тапсырмасы

Еуразияның географиялық орны .

Қоныстану және зерттелу тарихын оқу және тест құрастыру .





Оқушыларды бағалау

